«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

13.08.2021 № 4-5/4172

**Мүгедектердің "Ар-Иман"
қоғамдық қоры**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 28 және 29 шілдедегі №115967, №116047 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымыңыз негізінде, "Қарағанды қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесімен өткізілген № 6073265-1 «Ten qogam» әлеуметтік бейімдеу орталығы» электронды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітелген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 225 тармағына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар кезінде әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарының болуы.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген талаптар бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуларға қатысушы әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

Осылайша, тапсырыс беруші конкурстық құжаттамаға 2-3 қосымшасында сатып алынатын қызметтердің Техникалық ерекшеліктерінде материалдық ресурстар бойынша біліктілік талаптары қойылған: 1. Қызмет көрсетуге арналған аймақ – тапсырыс берушінің қызмет көрсету орнында болу керек және 100кв.м кем емес; 2. телефондық аппарат (оның ішінде ұялы телефон) – 4 дана; 3. Кеңселік үстелдер – 7 дана; 4. Сейф – 1 дана; 5. су диспенсері – 2-ден кем емес.

Әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаны «Біліктілігі туралы мәліметтер» толтырып, оның ішінде 4 тармаққа сай растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажет талап етілетін материалдық ресурстардың бар екендігі туралы мәліметтерді толтырады. Және өзінің жеке меншігіндегі немесе жалға берушінің жеке меншігі құқығын растайтын құжаттар беріледі.

Сонымен қатар, Сіздің конкурстық өтінімінізді камералдық бақылау нәтижелері бойынша, біліктілік туралы мәліметтерде керекті материалдық

ресурстар ұсынылмағаны және жеке меншікті растайтын құжаттар көрсетілмегені анықталды.

Осылайша, конкурстық комиссия тарапынан бұзушылықтар табылмады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына және 14-бабының 6 тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының м.а. **С.Рысбеков**

Орынд. Қабдрашев А.
8 7212 - 425580